




СИНЭКОЛОГИЯ БИОЦЕНОЗ БИОГЕОЦЕНОЗ

Орындаған: Өтегенов Е.Р


- ▶ Синэкология организмдердің тіршілік жағдайларын , өзара және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Синэкология экожүйелердің шекараларын салумен айналысады, сондықтан оны биогеноценологиялық экология деп те атайды.



- ▶ Биоценоз (bios-өмір, koinos-жалпы) - табиғи жағдайлары бірегей жерлерде тіршілік ететін өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер жиынтығынан тұрады. Биоценоз ұғымын алғаш рет ұсынған неміс зоологы К. Мебиус (1877). Кез келген биоценоз өзімен-өзі жеке дамымайды. Ол әрқашанда өлі табиғатпен бірлестікте ғана өмір сүреді.
- ▶ Қауымдастық дегеніміз әртүрлі биоценоздардың - фитоценоздардың, зооценоздардың, микробоценоздардың, микоценоздардың өзарабайланыстарының жиынтығы.



Экологияның негізгі ұғымына «экожүйе» жатады. Бұл терминді енгізген 1935 ж. А. Тенсли. Экожүйе дегеніміз тірі тіршілік иелері мен олардың мекен ету орталарынан тұратын, біртұтас функционалды біріккен табиғи жүйе.



Экожүйенің құрылымы: Экожүйе =
биоценоз + биотоп

Экожүйенің негізгі қасиеттері:

- 1) зат айналымына қатысу қабілеттілігі;
- 2) сыртқы әсерлерге қарсы тұруы;
- 3) биологиялық көбеюі.

Экожүйенің деңгейлері:

- 1) микроэкожүйе- кішкене су қоймасы, жануарлар өлексесі олардың тіршілік ететін әртүрлі ағзаларымен бірге, аквариум, жайылым , су тамшысы
- 2) мезоэкожүйе- орман, өзен, тоған, т.б.
- 3) макроэкожүйе- мұхит, континент, табиғи зона, т.б.
- 4) глобальдық экожүйе- биосфера

Экожүйеге мағынасы жақын терминге «биогеоценоз» жатады. Бұл терминді 1942ж. академик В. Н.Сукачев енгізген.



Биогеоценоз екі блоктан тұрады:

- 1) «биоценоз»- организмдердің әртүрлі түрлерінің өзарабайланысы(популяция);
- 2) «биотоп» немесе «экотоп»- мекен ету ортасы.

Сонымен, биогеоценоз- тірі ағзалар мен

олардың мекен ететін физикалық ортасымен

бірге қауымдасқан жүйе. «био»-тірі ағзалар,

«гео»- өлі табиғат (арнайы географиялық орта)

Биогеоценоз- тірі ағзалар мен ортаның кездейсоқ жиынтығы емес, ерекше келісілген , динамикалық , өзарабайланысы, тұрақты, теңестірілген жүйе. Ол ұзақ уақыттың адаптация нәтижесі. Биогеоценозды анықтаушы- фитоценоздар.

Агробиогеоценоз- жасанды фитоценоз негізінде жасалады.

Биогеоценозда барлық тірі иелер қоректену тізбегіне біріктірілген. Өзара қосылу және айырылу нәтижесінде белгілі буындардан күрделі трофикалық тор құрылады. Құрлықтағы қоректену тізбегі қысқа(3-4 буыннан тұрады). Мыс: ағаш- құрт- құс- жыртқыш құс. Су ортасында қоректену тізбегі едәуір ұзын: фитопланктон-зоопланктон- майда балықтар- жыртқыш балықтар- адам.

Қоректену тізбегінің бірнеше деңгейі болады:

I-трофикалық деңгей- автотрофты ағзалар-
продуценттер

II- шөпқоректі жануарлар (фитофагтар) -
консументтер I-қатардағы

III- трофикалық деңгей- жыртқыш жануарлар
немесе зоофагтар- консументтер II-қатардағы.

IV- ірі жыртқыштар.

V-өлі организмдердегі заттарды және қалдықтарды
тұтынушылар (деструкторлар, редуценты)-
сапрофаг, сапрофиттер, детриттер .

A pair of hands is shown in the foreground, cupped together to hold a small amount of clear water. The hands are positioned in front of a natural setting featuring a pond or stream with several clumps of green reeds or grasses growing in the water. The background is slightly blurred, showing more of the water and the surrounding greenery. The overall scene conveys a sense of care and appreciation for nature.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!